

менее, прослеживается тенденция на усиление такой роли. При этом правовая природа нормативных постановлений Верховных судов (нормативных решений Конституционных судов и Конституционного Совета) рассматривается двояко. С формально-правовой точки зрения с позиции романо-германской правовой семьи это, безусловно, правовые акты, имеющие нормативный характер, с точки зрения англо-американской доктрины могут рассматриваться в качестве судебных прецедентов, облеченных в форму нормативного правового акта. К тому же можно выделить тенденции развития в гражданском праве романо-германской правовой семьи института деловых обыкновений и обычаев делового оборота. Можно предположить, что с развитием предпринимательских отношений и экономического взаимодействия субъектов предпринимательства в гражданском обороте с контрагентами англо-американского права тенденция развития института деловых обыкновений и обычаев делового оборота получит свое дальнейшее развитие.

#### Список литературы:

1. Пашуканис Е. Б. Избранные произведения по общей теории права и государства. - М.: Наука, 1980. - 270 с.
2. Рене Давид. Основные правовые системы современности. – М.: Прогресс, 1988. – 823с.
3. American constitutional Law. Tribe L. H. - New York, 1978. - 216p.
4. Соединенные Штаты Америки. Конституция и законодательные акты. - М.: Прогресс: Универс, 1993. - 766 с.
5. Гражданское и семейное право развивающихся стран. Гражданские кодексы стран Латинской Америки. - М., 1988. - 220с
6. Мозолин В. П., Фарневор Е. А. Договорное право в США и СССР. История и общие концепции. - М., 1988. - 1216 с.
7. Гражданское право Российской Федерации (Общая часть). – М.: Allpravo, 2003. – 487с.
8. Гражданский кодекс Российской Федерации. Ч. I. М., 1994; Гражданский кодекс Российской Федерации. Ч. II. - М., 1996. - 973с.
9. Гражданское и торговое право капиталистических государств. - М., 1993. - 516 с.
10. Источники гражданского права зарубежных стран // <http://www.preiskurant.ru/grazhdanskoe-pravo/>
11. Петрова Е.А. Актуальные вопросы теории права и сравнительного правоведения. Учебное пособие. – Москва-Берлин: Директ-Медиа, 2015. – 233с.
12. Марченко М.Н., Дерябина Е.М. Право Европейского союза: Вопросы истории и теории. Учебное пособие. – М.: МГУ им. М.В.Ломоносова, 2013. – 435с.
13. Марченко М.Н. Курс сравнительного правоведения. – И.: ООО «Городец-издат», 2002 – 1068с.
14. New Perspective for a Common Law // International and Compartive Law Quarterly / Ed/ by- M/Cappelletti/1997/ Part 4/ - 870p.
15. Merryman J. On the Convergence (and Divergence) of the Civil Law and the Common Law // New Perspective for a Common Law/ Ed/ by M/Cappelletti. - P. 195-233.

#### МЕМЛЕКЕТ ФУНКЦИЯЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ НЫСАНДАРЫ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

*Какимова М.Ш., мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының меңгерушісі, з.ғ.к.,*

*Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

*Кабышев Б.С., заң факультетінің магистранты, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Мемлекет қызметі жалпы әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған. Қоғам істерін басқара отырып, мемлекет оның қалыпты күйде сақтауға және үйлесімді дамуға, әлеуметтік және құқықтық тәртібін қамтамасыз етуге ынталы. Цицерон өзі «Мемлекет халық құндылығы, ал халық қандай да бір тәсілмен жиналған адамның кез келген тобыры емес, бір бірімен құқық пен мүдделердің ортақтастығы, көптеген адамдардың бірлескен бірлігі», - деді [1, 20].

Мемлекет бүкіл қоғамдық қатынастарды реттеуге және халықты басқару барысында өзіне тән бірнеше қызметтер атқарады. Мемлекеттің қызметі дегеніміз – оның мәні мен табиғатынан көрінетін іс - әрекеттердің басты бағыты. Мемлекеттің қызметтері қоғамға, қоршаған ортаға, әлеуметтік топтарға, жеке адамдарға немесе басқа мемлекеттерге бағытталады.

Мемлекет функциялары мәні, мемлекеттің қоғамдық дамуының және елдің түрлі деңгейлерінің мүдделерін қанағаттандыру үшін негізгі сұрақтарды шешудегі нақты рөлін көрсетеді. Мемлекет функциялары мемлекеттің қандай да бір даму деңгейіндегі мемлекет алдында тұрған негізгі мақсаттарды бекітеді және осы мақсаттарға жету жолдарын іздейді. Мемлекет мақсаттарының мазмұны түрлі ішкі және сыртқы факторлармен анықталады. Мемлекеттің функцияларына тән бірқатар ортақ белгілер: әрбір функцияның мазмұны мемлекет қызметінің біртектес аспектілерінің жиынтығынан құралады. Мемлекет қызметінің ұқсас жақтары олар әсер ететін қоғамдық қатынастардың мәні мен мамандануы бойынша бір функцияға бірігеді. Көптеген мемлекеттік органдардың белгілі бір қызметке арналған функцияларына қарағанда (қаржылық, прокуратура) мемлекет функциялары оның қызметін толық қамтиды. Бұл мемлекеттік органдар мемлекеттің белгілі бір функцияларын жүзеге асырған кезде, мемлекеттің негізгі мақсаттарын шешуде жетекші рөлді алады (қарулы күштердің қауіпінен елді қорғау функциясындағы жетекші рөл). Мемлекет функцияларын уәкілетті орган және мемлекеттің түрлі органдары жүзеге асырататын мемлекеттік қызмет түрлерінен ажырата білуі керек. Егер мемлекет функцияны бүкіл мемлекеттік аппарат және әрбір органның жұмысын тәуелді мемлекет қызметінің негізгі, қоғамға маңызды бағыттарын анықтаса, бөлек мемлекеттік органның функцияларында мемлекеттің әлеуметтік бағыты мен мәні әрдайым өз көрінісін таппайды [2,105].

Мемлекет функциялары оның қоғамдық өмірдегі мәні мен рөлінен шығатын қызметінің негізгі бағыттары. Егер ежелгі дүниеде немесе орта ғасырларда мемлекет құлдар мен шаруалардың қарсылығын басу, оларды эксплуатациялауға қажетті жағдайлармен қамтамасыз ету секілді топтық функцияларды белсенді жүзеге асырса, қазіргі дамыған демократиялық мемлекеттерде тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғаумен, қоғамдық тәртіпті қадағалаумен, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етумен байланысты жалпы әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған. Мемлекет функциялары кешенді, жинақтаушы мәнге ие. Оларда мемлекеттің ішкі және сыртқы қызметіндегі басты шешімді бағыттарындағы жиынтығы пайда болады. Мемлекет функцияларын уәкілетті орган мен мемлекеттің түрлі органдары жүзеге асыратын мемлекеттік қызмет түрлерінен ажырата білу керек.

Өзінің бағытына сәйкес мемлекет, әдетте, өз қызметін белсенді атқарады, яғни қоғамдық өмірдің маңызды салаларындағы істердің жағдайына белгілі дәрежеде ықпал етеді. Осындай тіршілік ететін неғұрлым тұрақты және салыстырмалы түрдегі дербес бағыт мемлекет функциясын құрайды. Оның астарынан мемлекеттануда мемлекет қызметінің негізгі бағыттарын түсіну қабылданған, онда өзіне қажетті қарым-қатынас тәртібін бекіту мен алға қойған мақсаттарға қол жеткізу ниетін түсіну қиын емес. Мемлекет қызметінің осы негізгі бағыттарының әрқайсысы тұтастық пен оқшаулықтың үлгісін көрсете отырып, белгілі айқындылығымен сипатталады, онда аз мөлшердегі компоненттер мемлекеттің дербес функциясын ерекшелеп тұрады. Мемлекет функциясы – мемлекеттің қоғамдық қатынастың қандай да бір саласына белсенді және мақсатты түрде әсер етіп отырады. Мұндай ықпалдың процесінде мемлекет бір қатынасты бекітіп, дамытып, жетілдіруге тырысса, екіншісін бейтараптандырып немесе тіпті жеңіп шығады, үшіншісінің-жаңадан пайда болуына мүмкіндік тудырады және т.б. Мемлекеттің ықпал ету объектісі болып табылатын бұл қатынастар бір функцияны екіншісінен ерекшелейтін белгі ретінде саналады. Функцияның нақты мағынасы өзіне лайық нысанға ие болуға мұқтаж. Нысан түсінігі көп мағыналы, оның құрамына функцияны жүзеге асыру жүктелген мемлекеттік органдардың жүйесі сияқты онымен құқықпен байланысты қызметте (құқықшығармашылығы, құқықты жүзеге асыру және құқық қорғау) кіреді. Мемлекет функциясын оны жүзеге асыру әдісі сияқты мынандай компонентін бөліп көрсету керек, оның астарынан ара - қатынасты:

- сенімді және мәжбүрлеуді.
- басқаруды орталықтандырудың және орталықсыздандырудың бастауын.
- авторитарлық пен қоғамдық қатынастарға қатысушылардың мінез-құлық варианттарын еркін таңдау принциптерін түсінуге болады [3,30].

Осылайша, функцияның құрамына мемлекет қызметінің негізгі бағыттарының бірі ретінде мағынасынан (өзінің басты компонентінен) басқа жүктелген міндеттерді шешудің нысандары (ұйымдастыру, кадр және құқықтық) мен әдістері, сондай-ақ мемлекеттік ықпал ету объектілері (қоғамдық қатынастардың қандай да бір түрлері) жатады. Аталған компоненттерді тұтас қалпында анықтап алғанда ғана мемлекет функциялары туралы ұғым қалыптастыруға болады.

Мемлекеттің функциясы арқылы қоғамның алдында тұрған мүдде – мақсаттардың мазмұнын, оның орындалу бағыттарын, толық білуге болады. Мемлекет қызметінің (функциясының) негізгі белгілері:

- Қызметінің жүйесі, оның атқаратын жұмыстарының мазмұны және қатынастардың түрлері арқылы анықталады;
- Функция сарапталып, жіктеліп кешенді түрде жүргізіледі;
- Мемлекеттің қызметі аппараттарының қызметіне ұқсамайды. Мемлекет функциясы қоғамдық көлемінде жүргізіледі;
- Мемлекеттің атқаратын қызметін мемлекеттік жұмыстарының әдіс – тәсілінен айыра білуге болады[4,85].

Мемлекет функцияларын іске асыру нысандары мен тәсілдері. Бұл қызметтің екі түрі болады: мемлекеттік функцияны құқықтық нормалардың шеңберінде орындау және құқықсыз жалпылама іс - әрекеттер арқылы функцияның дұрыс орындалуына үлес қосу. Мемлекет қызметінің орындалу әдістері: жеке тұлғалар ерікті, еріксіздендіру, нандыру (бұл жеке тұлғаларға) түрде орындайды; мемлекеттік органдар, бірлестіктер, ұйымдар өздерінің құзіретінің шеңберіне сәйкес орындайды. Егер де дұрыс орындалмаса, еріксіз түрде орындау қамтамасыз етіледі. Мемлекеттің функциясын құқықсыз реттеу қызметтері: мемлекеттік органдар функцияларды іске асыруда толып жатқан әртүрлі іс - әрекеттер жасап жатады. Сол іс - әрекеттерді біріктіріп – құқықсыз реттеу қызметі деп атайды. Олардың қоғамды басқаруда маңызы өте зор. Мемлекет функциясының орындалуының құқықтық және ұйымдастырушылық тәсілдері болады. Құқықтық тәсіл өзі үшке бөлінеді: құқық шығармашылық, құқықты іске асыру, құқықты қорғау.

Құқық – шығармашылық – жаңа норманы өмірдің талабына қарай уақытында қабылдау. Онсыз мемлекеттің қызметіне нұқсан келуі мүмкін. Мысалы, науқастың эпидемияға айналуы мен қалай күресуге болады, егерде нақты заң қабылданбаса (заң нормаларын дайындау мен қабылдау жөніндегі мемлекеттік қызмет). Құқық шығармашылық – бұл нормативтік актілерді дайындау, санкциялау, жасау, қабылдау мен шығару, ескілерінің күшін жою сияқты мемлекеттің іс - әрекетінен көрінеді.

Құқық қолданушылық немесе құқықты қолдану, орындау, құқықты іске асыру – бұл істі орындау мемлекеттің Үкіметінің міндеті. Үкімет тиісті нормативтік акті қабылдау керек. Онда жауапты субъектілер, не істеу керегі, оның уақыты, материалдық негіздері толық көрсетілуі қажет. Бұл істі толық бақылауға алу керек (құқық нормаларын орындауға байланысты қолданылатын шаралар туралы мемлекеттік қызмет).

Құқық қорғаушылық немесе құқықты қорғау – бұл қызметті атқаратын органдар: сот, прокуратура, ішкі істер органдары, ұлттық қауіпсіздік комитеті т.б. Олардың қызметінің бағыттары: заңдылықты, тәртіпті, азаматтардың және заңды тұлғалардың бостандығы мен құқықтарын қорғау, азаматтық, қылмыстық істерді уақытында қарап, кінәлі субъектілерді жауапқа тарту (нормаларды орындау мен сақтауға байланысты бақылау мен қадағалау, сонымен бірге бұзақыларға мәжбүрлеу шараларын қолдану жөніндегі мемлекеттік қызмет). Қабылданған нормативтік құқықтық кесімдердің дұрыс орындалуын және сақталуын қадағалау, бақылау және құқық бұзушыға мәжбүрлік шарасын қолдану арқылы жүзеге асады.

Ұйымдастырушылық тәсіліне мыналар жатады: Ұйымдастырушылық–реттеушілік – бұл белгілі бір құрылымдардың құжаттар жобаларын дайындаумен, сайлаулар жүргізумен тағы да байланысты мемлекеттік органдардың қызмет етуін қамтамасыз етуде бағытталған ағымдағы жұмысы (нақтылы саяси міндеттерді шешуге қажетті күнделікті оперативтік ұйымдастырушылық жұмыстар);

Ұйымдастырушылық- шаруашылық – бұл бухгалтерлік есеппен, статистика мен, қамтамасыз етумен тағы да басқалармен байланысты жедел – техникалық және шаруашылық жұмыс (әр түрлі мемлекеттік функцияларды орындауға тиісті материалдарымен қамтамасыз етуге байланысты оперативтік – техникалық, күнделікті шаруашылық жұмыстар);

Ұйымдастырушылық - идеологиялық – бұл жаңадан қабылданған нормативтік актілермен түсіндірумен, қоғамдық көзқарасты қалыптастырумен және тағыда басқалармен байланысты мемлекеттің әр түрлі функцияларын орындауды идеологиялық қамтамасыз етудегі күнделікті тәрбие жұмысы (мемлекеттің әр түрлі функцияларының орындалуын қамтамасыздандыру жөніндегі күнделікті оперативтік – түсіндіру, тәрбиелік жұмыстар). Мемлекеттік қызметті ұйымдастыру арқылы жүзеге асады. Нысаны және әдісі тұрғындардың іс - әрекетінің жағдайларына ықпал жасау болып табылады. Мемлекет жалпы мемлекеттік, ұлттық, жергілікті деңгейлердегі маңызы бар істерді жасау үшін тұрғындарды жұмылдырады, ұйымдастырады. Осы мақсатта әртүрлі саяси шешімдер, бағдарламалар қабылданады. Ұйымдастырушылық тәсілге: экономикалық (дотация, кредит, баға т.б.); саяси симпозиум, семинар, конференция, кеңес, мәжіліс өткізу, халыққа идеологиялық үндеу жасау, үгіт – насихат жүргізу.

Мемлекеттік билік толып жатқан субъектілердің сан алуан нақты қызметтері арқылы іске асып, орындалып жатады. Міне осы мемлекеттің саналуан қызметтерін мемлекеттік биліктің орындалуының құқықтық нысаны дейді.

Бұл мемлекеттік биліктің нақты орындалу құқықтық нысаны екі түрге бөлінеді:

- 1) Нормативтік актілер арқылы орындалу нысаны;
- 2) Жалпылама нормативтік актілер арқылы орындалу нысаны[5,105].

Мемлекет билігінің жалпылама нормативтік актілер орындалу нысаны бірнеше түрге бөлінеді: экономикалық, саяси, идеологиялық, ұйымдастырушылық, халықаралық, мемлекетаралық т.б

Мемлекеттік билікті орындау құқықтық нысандармен шектелмейді. Бұл іске мемлекеттің ұйымдастыру қызметі көп үлес қосады. Мемлекеттің ұйымдастыру қызметі заңға тәуелді іс - әрекет, әр мемлекеттік аппарат, әр мемлекеттік орган қоғамдағы заңға, нормативтік актілерге сәйкес қызмет атқарады. Мемлекеттік ұйымдастыру қызметінің түрлері:

- Жаңа шыққан заңдарды, нормативтік актілерді насихаттау, түсінік беру;
- Мемлекеттік органдарға көмек көрсету, бақылау, тексеру жүргізу;
- Материалдық – техникалық операциялар жүргізу: баяндамалар, іс – қағаздарын дайындау, заңдарды, нормативтік актілерді басып шығару т.б. құжаттардың өмірге келуін қамтамасыз ету;
- Әр түрлі жиналыстар, мәжілістер, конференциялар өткізу;
- Мемлекеттік органның тәжірибелерін жинақтап қорытынды жасау;
- Мемлекеттің қызметі туралы қоғамдық ұйымдардың, еңбек ұжымдарының ой – пікірлерін, ұсыныстарын жинақтап қорытынды жасау;
- Мемлекеттік органның жұмысына халықты, қоғамдық ұйымдарды, саяси партияларды қатыстыруды ұйымдастыру;
- Шет елдермен қарым – қатынасты ұйымдастырып, басқару т.б. қызмет істері[6,47].

Мемлекет қоғам істерін басқарудың күрделі және көпқырлы қызметі бір уақытта біреу емес, бірнеше функцияның жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Әрбір функция қоғам өмір сүруінің негізін құратын - экономика, саясат, әскер құрылыс, экология және тағы басқа белгілі бір қоғамдық қатынастардың саласына қатысты жүзеге асады.

Мемлекет функциялары жүйелі нақты тарихи мәнге ие және тек мемлекет қатысатын жағдайлардың әсерімен және сонымен бірге қандай да тарихи кезеңге шешілетін мәселерге байланысты өзгеріп отырады. Мемлекеттің мақсаты оның іс - әрекетінің қандай да бір әлеуметтік маңызды және өмірлік қажетті мәселелерді шешуге бағытталғандығын анықтайды[7,15].

Кез келген мемлекет мынадай қызметтерді атқарады: құқық қорғау; құқықты іске асыру; құқыққа түсінік беру; заң қабылдау; өкім немесе үкім шығару; жаза тағайындау; қауіпсіздікті сақтау; қылмыспен күрес; сыртқы істерді жүргізу және қорғану.

Мемлекетті нығайту – тәуелсіздікті, оның тірегі болып саналатын заңды нығайту деген сөз. Бұл жолда еліміздің өсіп - өркендеуі, тәуелсіздігімізді мәңгіге баянды ету, сыртқы беделімізге нұқсан келтірмей, ішкі саяси ахуалды заң күшімен тұтастандыру арқылы мемлекеттің халыққа, халықтардың мемлекетке, адамгершілік қарым – қатынас тұрғысынан алаңсыз еңбек етуіне, бар жағдайдың жасалуы ел басшы президенттің әрбір іс қимылына байланысты.

Қорыта келе, мемлекеттің бүкіл функционалдық қызметі белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған: адамды материалдық және физикалық қамтамасыз етілуі, тұлғаның максималды құқықтық және әлеуметтік қорғалуы. Сондықтан мемлекет әрдайым тұлғаның заңды мүдделерінің жоғарғы сақтаушысы мен қорғаушысы ретінде болуы керек. Тұлға арқылы мемлекет қоғамдық прогреске жетеді және көмектеседі, қоғамдық қарым – қатынастың жүйесін қалыптастырады және толықтырып отырады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Байтин М.И. О формах осуществления функций социалистического государства // Ученые записки СЮИ им. Д.И. Курского. - Саратов, 1969. - Вып.18. - С. 261-270.
2. Григорьев Ф.А., Черкасов А.Д. Применение права как особая форма его реализации - М.: Юристъ, 2002. - 454 с.
3. Дрейшев Б.В. Правотворчество и правовое регулирование // Правоведение. – 1985. - № 1. - С. 30-36.
4. Ефремов А.Ф. Проблемы совершенствования контроля и надзора за соблюдением законов // Правовая политика и правовая жизнь.- 2001. - № 4. С. 85-96.

5. Каск Л.И., Николаева Л.В. О некоторых вопросах понятия функций государства // Вестник Ленинградского ун-та. - № 11. - Экономика, философия, право. Вып. 2. - Л., 1974. - С. 105-119.
6. Глебов А.П. Понятие и структура функций социалистического государства: Пособие по спецкурсу «Проблемы социалистического государства и права». – Воронеж, 1974. - 80 с.
7. Биржанова А. Функции демократического государства // Жалпы тарих және құқықтану мектепте.- 2003. - №1. - С.15-18.

## ҚАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕГЕ

*Байжанова К.Т., заң факультетінің докторанты, академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ  
(Ғылыми жетекші - Қожахметов Ғ.З., з.ғ.д., профессор)*

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси өміріндегі қаланың жағдайы қаланың құқықтық мәртебесінде заңдық көрініс табады. Құқықтық мәртебені анықтау барысында жетекші роль конституциялық құқыққа жүктеледі. Ол Конституцияның барынша тұрақты қоғамдық қатынастарды, әрекеті бойынша ұзақ мерзімге арналған басты ережелерді реттейтіндігімен түсіндіріледі. Сонымен қатар, конституциялық құқықтың өзге салаларына қатысты заңдық база ролін атқаратындығы да баршаға аян. Оның нормалары қала табиғатын, қоғам дамуының қазіргі кезеңіндегі саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірдегі қала ролі мен орнын анықтау үшін жетекшілік маңызға ие.

Қазақстан Республикасының Конституциясында қаланың құқықтық жағдайын тікелей анықтайтын арнаулы бап, бөлім немесе тарау жоқ. «Қала» термині республикалық маңызы бар қала және астананың мәртебесіне, мемлекеттік билік органдарына және олардың актілеріне қатысты нормаларды жариялайтын және бекітетін баптарда қолданылады. Мысалы, 2, 44, 50, 87 баптар. ҚР Конституциясының 85-89 баптары жергілікті мемлекеттік билік органдары жүйесін бекіту барысында қаланы жанама түрде сипаттайды [1]. Бұл аумақтық ұжымдардың құқықтық жағдайы тікелей емес, жанама түрде, заңнама арқылы реттелетіндігіне байланысты. Мемлекет өзінің функциясын мемлекет механизміне кіретін ұйымдар арқылы жүзеге асырады. Кейбір көзқарастарға сәйкес азаматтардың аумақтық ұжымдары осындай ұйымдардың қатарына кіреді [2; 101].

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының заңының 2 бабында: «Қазақстан Республикасы аумағындағы елді мекендер қалалық және ауылдық елді мекендерге бөлінеді» - деп көрсетіледі. Қалалық елді мекендерге республикалық, облыстық және аудандық маңыздағы қалалар, сондай-ақ олардың әкімшілік бағыныстылығының аумағындағы кенттер; ауылдарға - олардың әкімшілік бағыныстылығына қарамастан қалған барлық елді мекендер жатады [3; 2]. Халқының саны 400 мың адамнан асатын облыстық маңызы бар қаладағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аудан қаладағы аудан болып табылады. Қала мен ауылды мекенді ажыратудың басты өлшемі тиісті аумақтық бірліктің халық саны болып табылады. Сонымен, елді мекен бір жер учаскесінде адамдардың қоныстануының алғашқы бірлігі ретінде қала, кент, ауыл түрінде болуы мүмкін.

Практикада «қала» түсінігі мен «аумақтық ұжым» түсінігі синоним тәріздес қолданылады, себебі оның аумағында тұратын тұрғындарды атамастан қала туралы айту мүмкін емес. Қала белгілі бір аумақта тұрғындарды қоғамға пайдалы әрекетпен, өндіріс құралдарымен, өндірістік және әлеуметтік құрылым объектілерімен жақындастырушы ағза ретінде қарастырылады. Бұл түсініктер арасындағы ажырағысыз тұтастық азаматтардың аумақтық ұжымын өмір сүруі соның көлемінде жүзеге асырылатын саяси-аумақтық бірліктен бөліп қарастыруға мүмкіндік бермейді. Оның себебі «тұрғындардың аумақсыз өмір сүруі мүмкін емес, осы екі фактор ажырағысыз бірлікте көрінеді, ондағы басшылық тұрғындарға тиесілі» [4; 31].

Қаланы жергілікті мемлекеттік аппаратпен сәйкестендіруге болмайды. Ондай жағдайда «қала» түсінігінен елдің барлық аумағында, соның ішінде оның әрбір аумақтық бірлігінде толық билікке ие халық (тұрғындар) тыс қалады. Қаланы оның аумағында тұратын азаматтардың ұйымдасу нысаны, өмір сүру ортасы, онда өмір сүретін және жұмыс істейтін, мемлекеттік және қоғамдық істерді басқаруға қатысатын, тұтыну заттарына, білімге, мәдениетке, тұрмыстық қызмет көрсетуге деген қажеттіліктерін қанағаттандыратын әлеуметтік орта ретінде қарау қажеттігі бар.

Қалалық басқару органдары мен аумақтық ұжым арақатынасының заңдық негізін конституциялық нормалар құрайды. Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттік биліктің халыққа толық тиесілі екендігін жариялайды. Бұл оның егемендігінің заңдық көрінісі болып